

«Бекітілді»:

ШҚО білім басқармасының
басшысы

С. А. Жумадилова

« 25 » XI 2019 г.

«Келісілді»:

КММ «ШҚО кәсіптік білім беру
орталығы» директоры

А. А. Ақылбек

« 25 » XI 2019 ж.

«Келісілді»:

ШҚО бойынша

«Атамекен» кәсіпкерлер
назаратсыз филиалының директоры

Н. В. Шамский

« 25 » XI 2019 г.

«Келісілді»:

АҚ «Кәсіпкерлікті дамыту
қоры «Даму» ШҚО бойынша
аймақтық филиалдың
директоры

О. В. Пак

« 25 » XI 2019 г.

«Келісілді»:

ҚАЕУ Президенті,

ҚР ҰҒА Академисі

Е. А. Мамбетқалиев

« 25 » XI 2019 г.

«Келісілді»:

Өскемен экономика және қаржы
колледжінің
директоры

Е. А. Набиев

« 25 » XI 2019 г.

Абай Құанабаевтың 175 жылдығына арналған техникалық
және кәсіптік білім беру ұйымдарының мектеп оқушылары мен
студенттері арасында өтетін «Justar Startup - 2020» бизнес -
жобаларының облыстық сайысы туралы
ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелері

Мектеп оқушылары мен студенттерарасында өтетін «Жастар және бизнес» облыстық бизнес-жоба сайысын ұйымдастырушылар (келесі – конкурс): Шығыс Қазақстан облысының білім беру басқармасы, Шығыс Қазақстан облысы бойынша Кәсіпкерлер палатасы «Атамекен», аймақтық филиал АҚ «Кәсіпкерлікті дамыту қоры «Даму», Қазақстан-Американдық Еркін Университеті (ҚАЕУ), Өскемен экономика және қаржы колледжі.

1.1. Осы Ереже сайысты өткізу кезеңдерін, ұйымдастыру шарттары мен тәртібін, оны ұйымдастырушылар мен қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін, жобалар мен ұсынылатын құжаттамаға қойылатын негізгі талаптарды айқындайды.

1.2. Сайыс экономикалық және кәсіпкерлік шеңберінде аймақ жастарының инновациялық мүмкіндіктерін дамыту мақсатында жүргізіліп отыр.

1.3. Сайыс ашық түрде өтеді. Жобаларды сайыстық іріктеу әділдікке және тепе-теңдікке негізделеді.

1.4. Сайыстың ұйымдастырылуымен ұйымдастыру комитеті айналысады (Қосымша1). Ұйымдастыру комитеті сараптама комиссиясының құрамын бекітеді.

1.5. Сараптама комиссиясы қатысушыларды іріктеуді жүзеге асырады. Сайысқа қатысуға өтініш түрінде тіркелген және осы белгіленген Ереженің талаптарына сәйкес рәсімделген жұмыстар өткізіледі (Қосымша2). Сараптама комиссия мүшелері Ережеде бекітілген талаптар бойынша сайыстық жұмыстарды бағалайды.

1.6. Сайыстың әділ қазылар алқасының құрамы экономика, технология саласының өкілдерінен, кәсіпкерлер, жоғары оқу орындарының оқытушыларынан, колледждердің сайыс бейіні бойынша мамандарынан құралады. (Қосымша3).

2. Сайыстың мақсаты мен міндеті:

2.1. Сайыстың мақсаты жалпы орта білім беретін мектеп оқушылары мен техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының студенттерінің кәсіпкерлік бастамаларын ынталандыру және дамыту болып табылады.

2.2. Сайыстың негізгі міндеттері:

- экономикалық және кәсіпкерлік салада жастардың инновациялық мүмкіндіктерін дамыту;

- нарық жағдайына үйрену қабілеті, жастардың экономикалық дайындығын арттыру;

- жастарға жеке кәсіпкерлік ынтасын дамытуға және келешек бизнес-идеяларын қолдауға мүмкіндік беру;

- инновациялық жобаларды басқару механизмдері, инновациялық іскерліктің болашағы, инновация туралы мектеп оқушылары мен колледж студенттерінің білім деңгейлерін көтеру;

- жоғарғы бәсекелестік жағдайында инновациялық жобаларды жүзеге асыра алатын, кәсіби құзіреттілігі мен жинақтылығының жоғарғы деңгейін иеленуші, экономикалық ойлы жастардан креативті резервті құру.

3. Сайыстың жүргізілу тәртібі мен шарты

3.1. Сайысқа 14-19 жас шамасындағы мектеп оқушылары мен колледж студенттері қатыса алады. Сайыста топтық (3 адамнан аспауы қажет) және жекелей түрде қатысу қарастырылған.

3.2. Сайыс **сегіз номинация** бойынша өткізіледі:

- 1.«Green start up»;
2. «Әлеуметтік бастамалар»;
3. «Туризм»;
4. «Агроэкономика»;
- 5.«Креативті шығармашылық бизнес идея»;
- 6.«IT -сфера»;
7. «Сауда ісі»;
- 8.«Портативті бизнес».

Сайыстың жеке қатысушысынан және де команда қатысушыларынан бір ғана өтініш қабылданады.

3.3. Сайыстың өткізілуі – 22 желтоқсан 2020 жылдың. Сайыс келесідей кезеңдерден тұрады:

1 кезең- орта жалпы білім беру мектептерінің оқушылары мен техникалық және кәсіптік білім беру студенттерін шақыру және ақпараттандыру мақсатында сайыстың болатыны жайлы хабарлау (2020 жылдың 13 қарашасына дейін);

2кезең—оқу мекемесі ішкі сайысты өткізіп, облыстық сайысқа қатысу бойынша өтінімді бағыттауы тиіс. (08 желтоқсанға дейін 2020 жылдың);

3 кезең—өтінім мен жобаларды тіркеу Өскемен экономика және қаржы колледжі негізінде жүргізіледі.(2020 жылдың 08 желтоқсанына дейін, Қосымша 2);

4 кезең—сараптама комиссиясы жобаларды іріктейді. (2020 жылдың 21 желтоқсанына дейін,Қосымша 1);

5 кезең—сайыстың финалын өткізу жобаларды қорғау түрінде іске асады (22 желтоқсан 2020ж.,).

4. Сайыстық жұмыстарды бағалау өлшемдері, сараптаманың уақыты тәртібі мен реті

4.1. Сараптама Ережеде бекітілген 4-інші қосымшаға сай жүргізіледі.

4.2. Сайыстық жұмысты бағалау келесідей өлшемдер негізінде жүзеге асады:

- Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму міндеттеріне сәйкес көтеріліп отырған мәселелердің зерттемелерінің дұрыстығы және әлеуметтік маңыздылығы, өзектілігі, саналылығы мен дәлелділігі;

- күтілген әлеуметтік немесе коммерциялық нәтижесі және жобаны енгізудегі қажеттілік;
- бәсекеге қабілеттілігін арттыруға немесе өнімдердің немесе қызметтердің жаңа түрін құрудағы жобаның бағыттылығы.

5. Бизнес-жобаларға қойылатын талаптар

5.1. «Green start up» номинациясы

5.1.1. «Green start up» номинациясы экологиялық проблемаларды шешу мақсатында өткізіледі.

5.1.2. «Green start up» номинациясы бойынша жобалар келесі басым бағыттар бойынша әзірленуде:

- табиғи ресурстарды сақтау;
- өндірістегі экологиялық қауіпсіздігі;
- жаңартылатын энергетика;
- қалдықтарды кәдеге жарату ;
- және тағы басқа.

5.2. «Әлеуметтік бастамалар» номинациясы

5.2.1. "Әлеуметтік бастамалар" номинациясы жастар әлеуметтік кәсіпкерлігін дамыту және танымал ету, сондай-ақ қоғамдағы әлеуметтік проблемаларды шешу мақсатында өткізіледі.

5.2.2. "Әлеуметтік бастамалар" номинациясындағы жобалар мынадай басым бағыттар бойынша әзірленеді:

- ақпараттық қызмет көрсету;
- кәсіби бағдар беруге жәрдемдесу;
- халыққа әлеуметтік қызмет көрсету, бұқаралық спорт қызметтері, секциялар, үйірмелер, студиялар;
- әлеуметтік қызметке халықтың әлеуметтік қорғалмаған топтарын (жетімдер, мүгедектер, егде жастағы адамдар) тарту;
- және тағы басқа.

5.3. "Туризм" номинациясы

5.3.1. "Туризм" номинациясы жастарды инновациялық туристік жобаларды іске асыруға тарту, жастардың туған өлкесінің туристік ресурстары, оның мәдени және тарихи ескерткіштері туралы хабардар болуын арттыру арқылы патриоттық сезімге тәрбиелеу мақсатында өткізіледі.

5.3.2. "Туризм" номинациясында жобалар келесі басым бағыттар бойынша әзірленеді:

- туристік бағыттар;
- мектеп-өлкетану туризмі;
- Туризмдегі жарнамалық-ақпараттық қызмет;
- киелі орындар;
- ішкі және сыртқы туризм;
- балалар арналған, сауықтыру туризмі;
- және тағы басқа.

5.4. «Агроэкономика» номинациясы

5.4.1 "Агроэкономика" номинациясы ауыл шаруашылығы саласындағы жеке кәсіпкерлік бастамаларды дамыту; ауыл жастарының осы саладағы инновациялық жобаларды қолдануға қол жеткізуін арттыру мақсатында өткізіледі.

5.4.2. "Агроэкономика" номинациясында келесі бағыттар ұсынылады:

- экономика;
- агрономия;
- механизация;
- орман шаруашылығы;
- және тағы басқа

5.5. "Креативті шығармашылық идея" номинациясы

5.5.1. "Креативті шығармашылық идея" номинациясы жастарға өздерінің шығармашылық идеяларын дамытуға мүмкіндік беру мақсатында өткізіледі.

5.5.2. "Әйелдерге арналған Startup " номинациясы бойынша жобалар келесі басым бағыттар бойынша әзірленеді:

- Hand Made;
- халықтық көркем кәсіпшілікті дамыту;
- бос уақыт және демалыс;
- Beauty-индустрия;
- және тағы басқа.

5.6 «IT- сферасы» номинациясы

5.6.1. "IT- сферасы" номинациясы жастарға өздерінің кәсіпкерлік интернет-бастамаларын дамытуға мүмкіндік беру және неғұрлым перспективалы онлайн бизнес-идеяларды қолдау мақсатында өткізіледі.

5.6.2. " IT- сферасы " номинациясындағы жобалар келесі басым бағыттар бойынша әзірленеді:

- қосымшаларды әзірлеу;
- трафик сату;
- бейне блогтар мен арналарды монетизациялау;
- логистика, рекрутингтік қызметтер;
- және тағы басқа.

5.7 "Сауда ісі" номинациясы»

5.7.1. "Сауда ісі" номинациясы өңірдегі шағын бизнестің жеке кәсіпкерлік бастамаларын дамыту, өңірдің кәсіпкерлік әлеуетін дамыту мақсатында өткізіледі.

5.7.2. "Сауда ісі" номинациясы бойынша жобалар келесі басым бағыттар бойынша әзірленеді:

- франшизді ұйымдастыру;
- өңірдің сауда фирмаларын жетілдіру (қолданыстағы бизнес);
- өнім ақауын анықтаудың инновациялық технологиялары;
- тауартану;
- және тағы басқа.

5.8. "Портативті бизнес" номинациясы

5.8.1. "Портативті бизнес" номинациясы жастарға өздерінің кәсіпкерлік бастамаларын дамытуға және ең перспективалы бизнес-идеяларды қолдауға мүмкіндік беру мақсатында өткізіледі.

5.8.2. "Портативті бизнес" номинациясы бойынша жобалар келесі басым бағыттар бойынша әзірленеді:

- медицина, білім беру, әлеуметтік қызметтер;
- қоғамдық тамақтану, халыққа тұрмыстық қызмет көрсету;
- Good Look;
- бос уақыт пен демалыс;
- және тағы басқа.

6. Қорытындылау

Сайыстың қорытындысын әділқазылар алқасы шығарады (Қосымша 3). Әділқазылар құрамына бизнес өкілдері сайыс бағыттары бойынша, Шығыс Қазақстан облысы бойынша Кәсіпкерлер палатасы «Атамекен» филиалының кеңесшілері, ғалымдар, колледждердің және ЖОО-ның экономика пән оқытушылары кіреді. Ұйымдастырушы комитеті әділқазылар алқасын бекітеді. Әділқазылар алқасын әділқазылар алқасының төрайымы басқарады.

Сарапшылар кеңесінің отырысы қорытынды шығару кезінде жабық болады.

7. Жобаларды рәсімдеуге арналған жалпы талаптар

7.1. Жобалар орындалады:

- беттің бір жағына баспа әдісімен (А4 форматы);
- әріп – Times New Roman (14 кегль);
- қатараралық интервал – бір жарым (1,5);
- әріптің түсі - қара;
- мәтінді ені бойынша тегістеу;
- бірінші жол (абзац) 15 мм;
- жиегі: оң жағы 10 мм, сол жағы — 30 мм, жоғарғы және төменгі жағы — 20 мм;
- парақтың төменгі бөлігінің ортасында араб цифрларымен беттерді нөмірлеу.

7.2. Ұсынылатын материалдар келесі реттілік бойынша түптелген болуы тиіс:

- сайысқа қатысуға өтініш (Қосымша 2);
- бизнес жоба;
- қосымшалар.

8. Сайысқа қатысу үшін өтінімдерді беру

8.1 Сайысқа қатысу үшін Өскемен қаласы ЭҚК электрондық поштасына тіркелу қажет (өтінім мен жобаны электронды түрде жіберу) ukkaf@rambler.ru

8.2 Сайысты ұйымдастырушы комитетке төмендегі қажетті құжаттарды өткізу қажет:

- а) өтінім (Қосымша2);
- б) оқитын оқу мекемесінің оқушысы деген оқу мекемесінен анықтама;
- в) жобаның бизнес-жоспары, қорғауға қажетті басқа материалдардың электронды нұсқасы.

Ұйымдастырушы комитеттің байланыс деректері :

Шығыс Қазақстан облысы бойынша Кәсіпкерлер палатасы «Атамекен»,
Өскемен қ., Жеңіс даңғылы, 6, тел.: 8 7232742-102.

«Қазақстан-Американдық еркін университеті» , Өскемен қ., М.Горький
көшесі, 76, тел: 8 7232 505- 015, 8 707 934 99 92.

«Өскемен қаласының экономика және қаржы колледжі» ЖШС, Өскемен
қ., Бажов көшесі, 68, тел: 8 7232 505-028, 8 705 8303636.

Ұйымдастырушы комитеттің құрамы

№	Т.А.Ә.	Лауазымы	Жұмыс орны	Байланыс телефоны	Ескертпе
1	Жумадилова Сайрангуль Ахметкаримовна	Білім басқармасының басшысы	ММ «ШҚО Білім басқармасы»	70-23-57	bilim@aki mvko.gov.k z
2	Мамбетказиев Ережеп Альхаирович	Президент	Қазақстан- Американдық еркін университеті	50-50-10	kafu_presid ent@mail.ru
3	Шәкербек Марипбек	Директор	ШҚО бойынша «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының филиалы	25-12-87	oskemen@a tameken.kz
4	Пак Олег Валерьевич	Директор	АҚ «Кәсіпкерлікті дамыту қоры«Даму» ШҚО бойынша аймақтық филиал	56-05-90 56-05-93	ko@fund.kz
5	Оспанғалиев Кажумкан Алимханович	Басшының орынбасары	ШҚО Білім Басқармасы	702-748	bilim@aki mvko.gov.k z
6	Ақылбек Алима Ақылбекқызы	Директор	КММ «ШҚО кәсіптік білім беру орталығы»	701-193 220-109	center_tipo @mail.ru
7	Мамбетказиев Айдар Ережепович	ҚАЕУ Ректоры	Қазақстан- Американдық еркін университеті	50-50-20	kafu_ukg@ mail.ru
8	Набиев Ерсаин Ахметвалиевич	Директор	Өскемен экономика және қаржы колледжі	50-50-24 87055998952	ukkaf@ram bler.ru
9	Адылхан Асет Бердығалиұлы	Адам капиталын дамыту бөлімінің басшысы	ШҚО бойынша «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының филиалы	87232742102 87772737437	a.adylkhan @atameken. kz
10	Калиева Диляра Калимбековна	Адам капиталын дамыту бөлімінің сарапшысы	ШҚО бойынша «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының филиалы	87232- 742102, 87764377676	d.kalieva@ palata.kz
11	Бордияну Илона Владимировна	«Бизнес» кафедрасының меңгерушісі, доктор PhD, доцент	Қазақстан- Американдық еркін университеті	87778551636	kafu_ukg@ mail.ru
12	Сембина Шырайлым Кайратовна	ОТЖ жөніндегі директордың орынбасары	Өскемен экономика және қаржы	87058303636	ukkaf@ram bler.ru

			колледжі		
13	Еримбетова Аманкуль Налжигитовна	Арнайы пәндер оқытушысы	Өскемен экономика және қаржы колледжі	87051662056	ukkaf@ram bler.ru
14	Умутбаева Жанар Дуйсенхановна	Арнайы пәндер оқытушысы	Өскемен экономика және қаржы колледжі	87775199827	ukkaf@ram bler.ru
15	Мамырбекова Динара Самаркановна	«Бизнес» кафедрасының аға оқытушысы, э. ғ.магистрі	Қазақстан- Американдық еркін университеті	87771537616	kafu_ukg@ mail.ru
16	Богородская Оксана Григорьевна	«Бизнес» кафедрасының аға оқытушысы,	Қазақстан- Американдық еркін университеті	87775410105	kafu_ukg@ mail.ru
17	Оралбекқызы Әйгерім	«Бизнес» кафедрасының оқытушысы, э. ғ.магистрі	Қазақстан- Американдық еркін университеті	87079349992	kafu_ukg@ mail.ru

Өтінім

«_____» номинациясы бойынша
оқушылар мен студенттердің бизнес-жобаларбайқауынақатысады

1. Тегі, аты, әкесінің аты

2. Туған жылы (күні, айы, жылы)

3. Тұрғылықты жерінің пошталық мекенжайы, телефоны
(толық)_____

4. Оқу мекемесінің мекенжайы, телефоны, электронды поштасы
(толық)

5. Төлқұжат деректері, ЖСН, тіргеуде тұрған мекенжайы, байланыс
телефоны_____
6. Байланыс телефоны, мектеп немесе колледждің №, оқу мекемесінің атауы,
сыныбы, тобы, курсы, мамандығы

7. Ғылыми жетекшінің Т.А.Ә.

8. Жобаның атауы

9. Жобаның қысқаша мақсаттары мен міндеттерінің сипаттамасы

10. Республикалық, облыстық жобаның болжамды және оң нәтижелігінің тиімді
сипаттамасы

11. Сайыста көрсетілген жұмысты қолдайтын ұйымдар

12. Жобаның жалпы бюджеті (теңгемен көрсету)

13. Жобадағы өтелімділік пен жүзеге асыру мерзімі

Оқушылар мен студенттердің жобалар мен әзірлемелер сайысының сарапшы
комиссиясының құрамы
(формасы)

№	Т.А.Ә.	Лауазымы	Комиссиядағы лауазымы
<i>Номинация атауы</i>			
			Әділқазылар төрайымы
			әділқазылар төрайымының орынбасары, номинация бойынша сарапшы
			әділқазы, номинация бойынша сарапшы

Номинациялар бойынша жұмыстарды бағалау критерийлері (барлығы 45 ұпай)

1. жобаның түйіндемесі (1ден 5 ұпайға дейін)
2. өнімнің, қызметтің, жұмыстың сипаттамасы (1ден 5 ұпайға дейін)
3. нарық пен бәсекелестерді талдау (1ден 5 ұпайға дейін)
4. маркетингтік жоспар (1ден 5 ұпайға дейін)
5. өндіріс жоспары (1ден 5 ұпайға дейін)
6. ұйымдастыру - басқару жоспары (1ден 5 ұпайға дейін)
7. қаржылық жоспар (1ден 5 ұпайға дейін)
8. тәуекелді бағалау (1ден 5 ұпайға дейін)
9. қорытынды бизнес жобаны қорғау (1ден 5 ұпайға дейін)